Мақала түсті: 06.02.2025
Мақала қабылданды: 25.03.2025
ӘОЖ: 618-057.36:355.1(574)
ҒТАХА: 76.29.48
DOI: 10.24412/1609-8692-2025-1-70-90

Мақала түрі: *шолу мақала*
(нарративтік-аналитикалық әдеби шолу,
нормативтік-құқықтық талдау элементтерімен)

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ӘЙЕЛДЕРДІҢ РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. ӘДЕБИ ШОЛУ

Сагатова Ж.Т.[1]*, Маханбеткулова Д.Н.[2]
[1] «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС, Алматы, Қазақстан
[2] С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Кіріспе. Әскери қызмет әйелдердің денсаулығына физикалық жүктеме, психоэмоционалдық стресс, ұйқы мен демалыс режимінің бұзылуы, әскери-далалық жағдайлар және медициналық көмектің географиялық қолжетімділігі арқылы әсер етуі мүмкін. Әскери қызметтегі әйелдер санының өсуі олардың репродуктивті денсаулығын сақтау мен акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру мәселелерін жүйелі бағалауды талап етеді.
Мақсаты. Әскери қызметтегі әйелдердің денсаулығын, ең алдымен репродуктивті денсаулығын бағалау және оларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелері бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді талдау.
Материалдар мен әдістер. 2003-2023 жылдары жарияланған әдебиеттерге шолу жүргізілді. MEDLINE, Google Scholar, PubMed, CyberLeninka және Wiley Online Library дерекқорлары мен web-ресурстарында «әскери әйелдер», «әскери әйелдердің гинекологиялық аурулары», «әскери әйелдерге медициналық көмек» түйінді сөздерімен іздеу жүргізілді. Барлығы 80 жарияланым қаралып, 48 жұмыс мақалаға енгізілді. Сонымен қатар әскери қызметшілерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық актілер талданды.
Нәтижелер. Әдеби деректер әскери қызмет жағдайларының репродуктивті денсаулыққа ықтимал қолайсыз әсерін көрсетеді. Негізгі факторларға бес жылдан астам қызмет өтілі, жауынгерлік іссапарлар, әскери-далалық жағдайлар, жоғары физикалық және психоэмоционалдық жүктеме жатады. Жекелеген зерттеулерде әскери әйелдер арасында кіші жамбас ағзаларының қабыну аурулары, етеккір циклінің бұзылыстары, эндометриоз, қатерсіз ісіктер және жүктіліктің қолайсыз нәтижелері сипатталған. Шалғай гарнизондарда мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық көмектің қолжетімділігі шектеулі болуы мүмкін.
Талқылау. Әскери әйелдердің денсаулығын қорғау профилактикалық тексерулерді, жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды ерте анықтау мен емдеуді, жатыр мойны обырының скринингі мен АПВ-профилактиканы, репродуктивті денсаулық жөніндегі ақпараттандыруды және шалғай гарнизондарда мамандандырылған көмектің қолжетімділігін күшейтуді талап етеді. Телемедицина, амбулаториялық қызмет және медициналық оңалту әскери медициналық көмектің маңызды ұйымдастырушылық бағыттары болып табылады.
Қорытынды. Әскери қызметтегі әйелдердің репродуктивті денсаулығына әсер ететін факторлар көпқырлы және қызмет жағдайларымен, жүктememен және медициналық көмектің қолжетімділігімен байланысты. Әскери әйелдерге акушерлік-гинекологиялық көмекті жетілдіру, репродуктивті денсаулықты сақтау бағдарламаларын дамыту және Қазақстан жағдайында сапалы эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу өзекті болып қала береді.
Түйінді сөздер: әскери қызметтегі әйелдер; әскери медицина; репродуктивті денсаулық; гинекологиялық көмек; акушерлік-гинекологиялық көмек; профилактика; әскери гарнизон.

РЕПРОДУКТИВНОЕ ЗДОРОВЬЕ ЖЕНЩИН-ВОЕННОСЛУЖАЩИХ И ОРГАНИЗАЦИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ. ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ

Сагатова Ж.Т.[1]*, Маханбеткулова Д.Н.[2]
[1] ТОО Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», Алматы, Казахстан
[2] Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

Введение. Военная служба может влиять на здоровье женщин через высокую физическую нагрузку, психоэмоциональный стресс, нарушения режима сна и отдыха, военно-полевые условия и географическую доступность медицинской помощи. Рост числа женщин-военнослужащих делает актуальной системную оценку их репродуктивного здоровья и организации акушерско-гинекологической помощи.

Цель. Проанализировать отечественную и зарубежную литературу по оценке состояния здоровья женщин-военнослужащих, прежде всего репродуктивного здоровья, и организации медицинской помощи данной группе.
Материалы и методы. Проведен обзор литературы за 2003–2023 годы. Поиск выполнялся в MEDLINE, Google Scholar, PubMed, CyberLeninka и Wiley Online Library с использованием ключевых слов, связанных с женщинами-военнослужащими, гинекологическими заболеваниями и медицинской помощью. Просмотрено 80 публикаций, из которых в обзор включено 48. Дополнительно проанализированы нормативно-правовые акты, регулирующие организацию медицинской помощи военнослужащим.
Результаты. Литературные данные указывают на возможное неблагоприятное влияние условий военной службы на репродуктивное здоровье. К основным факторам относятся стаж службы более пяти лет, боевые командировки, военно-полевые условия, высокая физическая и психоэмоциональная нагрузка. В отдельных исследованиях у женщин-военнослужащих описана повышенная частота воспалительных заболеваний органов малого таза, нарушений менструального цикла, эндометриоза, доброкачественных новообразований и неблагоприятных исходов беременности. Доступность специализированной акушерско-гинекологической помощи может быть ограничена в отдаленных гарнизонах.
Обсуждение. Охрана здоровья женщин-военнослужащих требует усиления профилактических осмотров, ранней диагностики и лечения инфекций, передающихся половым путем, скрининга рака шейки матки и профилактики ВПЧ, повышения информированности по вопросам репродуктивного здоровья и обеспечения специализированной помощи в удаленных гарнизонах. Перспективными организационными направлениями являются телемедицина, развитие амбулаторной помощи и медицинской реабилитации.
Заключение. Факторы, влияющие на репродуктивное здоровье женщин-военнослужащих, многообразны и связаны как с условиями службы, так и с доступностью медицинской помощи. Совершенствование акушерско-гинекологической помощи, развитие программ сохранения репродуктивного здоровья и проведение качественных исследований в условиях Казахстана остаются актуальными задачами.
Ключевые слова: женщины-военнослужащие; военная медицина; репродуктивное здоровье; гинекологическая помощь; акушерско-гинекологическая помощь; профилактика; военный гарнизон.

REPRODUCTIVE HEALTH OF WOMEN IN MILITARY SERVICE AND ORGANIZATION OF MEDICAL CARE: A LITERATURE REVIEW

Sagatova Zh.T.[1]*, Makhanbetkulova D.N.[2]
[1] Kazakhstan's Medical University "School of Public Health" LLP, Almaty, Kazakhstan
[2] Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

Introduction. Military service may affect women's health through high physical workload, psychological stress, disrupted sleep and rest, field conditions, and geographical barriers to medical care. The growing number of women in military service makes systematic assessment of reproductive health and the organization of obstetric and gynecological care increasingly important.
Objective. To analyze national and international literature on the health of women in military service, with particular emphasis on reproductive health and the organization of medical care.
Materials and Methods. A literature review covering 2003–2023 was conducted. MEDLINE, Google Scholar, PubMed, CyberLeninka, and Wiley Online Library were searched using terms related to servicewomen, gynecological diseases, and medical care. Eighty publications were screened and 48 were included in the review. Regulatory and legal documents concerning the organization of medical care for military personnel were also analyzed.
Results. The reviewed literature indicates potential adverse effects of military-service conditions on reproductive health. Major factors include more than five years of service, combat deployments, field conditions, and high physical and psychological workload. Individual studies report higher frequencies of pelvic inflammatory disorders, menstrual disturbances, endometriosis, benign gynecological conditions, and adverse pregnancy outcomes among servicewomen. Access to specialized obstetric and gynecological care may be limited in remote garrisons.
Discussion. Protection of servicewomen's health requires strengthened preventive examinations, early diagnosis and treatment of sexually transmitted infections, cervical cancer screening and HPV prevention, reproductive-health education, and access to specialized care in remote locations. Telemedicine, outpatient services, and medical rehabilitation are important organizational directions for military healthcare.
Conclusion. Factors affecting the reproductive health of women in military service are multifactorial and relate both to service conditions and to access to healthcare. Improvement of obstetric and gynecological services, development of reproductive-health programs, and high-quality epidemiological studies in Kazakhstan remain important priorities.
Keywords: servicewomen; military medicine; reproductive health; gynecological care; obstetric and gynecological care; prevention; military garrison.

Кіріспе

Кіріспе. Қазіргі әлемде әйелдердің қоғамдағы рөлі мен ықпалы қарқынды өсуде. Әйелдер дәстүрлі түрде ерлер басым болған кәсіптерді, соның ішінде әскери қызметті де жетік меңгеруде. Әлемде әскери қызметтегі әйелдердің саны жыл сайын артып келеді. Олар әскердің барлық салаларында ерлермен бірдей жағдайда қызмет атқарып келеді [1]. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілердің жалпы саны шамамен 70 мың адамды құрайды, оның ішінде әйелдер 10%-дан астамын құрайды [2]. Ғылыми жарияланымдар деректерін талдай отырып, әйелдердің қарулы күштердегі қызметі, әскери еңбек жағдайлары және медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша әлі де пікірталастар бар [3].

Зерттеу мақсаты

Әскери қызметтегі әйелдердің денсаулығын, ең алдымен репродуктивті денсаулығын бағалау және медициналық көмекті ұйымдастыру мәселелері бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді шолу.

Ғылыми жаңалығы

Шолудың ғылыми жаңалығы әскери қызметтегі әйелдердің репродуктивті денсаулығын әскери-кәсіби қауіп факторлары, гинекологиялық сырқаттанушылық, жүктілік пен босану нәтижелері, жыныстық және репродуктивті денсаулық, онкологиялық профилактика және медициналық көмекті ұйымдастыру бағыттарын бір аналитикалық құрылымда біріктіріп қарастыруында. Халықаралық деректер мен Қазақстанның нормативтік-құқықтық контекстін салыстыру негізінде әскери әйелдерге акушерлік-гинекологиялық көмекті жетілдірудің басым ұйымдастырушылық бағыттары жүйеленді.

Материалдар мен әдістер

Материалдар мен әдістер. Әдеби шолу 2003 жылдан 2023 жылға дейінгі аралықты қамтыды. Шолу келесі мәліметтер базасында жүргізілді: MEDLINE, Google Scholar, PubMed, CyberLeninka, Wiley Online Library. Іздеу «әскери әйелдер», «әскери әйелдердің гинекологиялық аурулары», «әскери әйелдерге медициналық көмек» деген түйінді сөз тіркесімен жүргізілді. Барлығы 80 мақала қаралды, оның ішінде 48 мақала таңдалды. Сондай-ақ әскери қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалды.

Шолу нарративтік-аналитикалық сипатта орындалды. Іріктелген дереккөздер әскери қызмет жағдайлары мен кәсіби қауіп факторлары, репродуктивті және гинекологиялық денсаулық, жүктілік пен босану, жыныстық денсаулық, онкологиялық профилактика, медициналық көмектің қолжетімділігі және әскери-медициналық қызметті ұйымдастыру бағыттары бойынша синтезделді. Бастапқы қолжазбада толық іздеу жолдары, дерекқорлар бойынша жеке нәтижелер, PRISMA-схема және енгізілген зерттеулердің сапасын формальды бағалау ұсынылмағандықтан, жұмыс жүйелі шолу немесе мета-талдау ретінде жіктелмейді.

Нәтижелер

Әскери қызметтегі әйелдер және кәсіби қауіп факторлары

Қазіргі таңда әйелдер әскери қызметтің көптеген салаларында қызмет атқарады, ал кей қызмет түрлерінде ерлермен тең деңгейде. Батыс Еуропа әскерлерінде армиядағы әйелдер саны әскери қызметкерлердің жалпы санының 10% құрайды, Германияда - 4,2%, Ресей Федерациясының қарулы күштерінде 10% -дан астам, АҚШ-та 15 - 17,5% дейін жетеді. [4,5]. Гендерлік теңсіздікке қатысты кемсітушіліктің барлық түрлері жойылғаннан кейін әйелдердің әлеуметтік жағдайы өзгерді. Әскери қызмет әйелдерге тұрақтылық пен әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуіне байланысты, әйелдер әскер қатарына көбірек қосыла бастады. Әскери қызметте басқару жүйелерінің автоматтандырылуы мен компьютерлендірілуі олардың санының әлі де өсетінін көрсетеді. Соңғы мәліметтер бойынша әйелдер әскери лауазымдардың 80%-дан астамын иеленуге құқығы бар. Әскердегі әйелдер негізінен штаттық, әкімшілік-шаруашылық, ақпарат

бөлімдерінде, әскери-медициналық қызметте, қаржылық бақылау және материалдық қамтамасыз ету бөлімдерінде қызмет етеді. Бірақ әйелдердің физикалық мүмкіндіктерін және ауыр физикалық жүктемелердің әйел денсаулығына әсерін ескеру қажет. Әйелдердің физикалық тұрғыдан ерлерге қарағанда әлсіз екені дәлелденген, НАТО елдерінің әскерлерінде жүргізілген зерттеулер әйелдердің жалпы санының тек 25% ғана жалпыәскери дайындық кезінде тапсырмаларды толығымен орындай алады [6,7]. Әскери жоғары оқу орындарының тізімі және әйелдерге қолжетімді әскери мамандықтардың тізімі жыл сайын айтарлықтай артып келеді [8,9].

Әйелдер әскери қызметті өте жақсы атқарып, кәсіби қызметте табысқа жетіп келеді. Бірақ, соған қарамастан, әйелдердің әскери борышын өтеудің ғылыми негізделген жүйесі әлі жасалмаған. Кәсіби қызметтің ерекшеліктері, әскери қызмет өткеру жағдайлары, әскери объектілердің факторлары, психологиялық күйзеліс, жоғары физикалық жүктемелер, жеке гигиенадағы байланысты кемшіліктер тәрізді факторлар әскери әйелдердің денсаулығына теріс әсер етеді. Әскери қызметтің зиянды факторларына химиялық (улы заттар), физикалық (иондаушы сәулелер, шу, діріл, электромагниттік сәулелену), биологиялық және әлеуметтік-психофизиологиялық түрлері жатады. Зиянды факторлардың ұзақ уақыт әсер етуі организмге қауіпті болуы мүмкін [10].

Етеккір циклі мен гинекологиялық денсаулық

Ауыр физикалық жүктемелер әскери қызметтегі әйелдердің репродуктивті қызметіне теріс әсер етеді, олигоменорея, аменорея тәрізді етеккір циклінің бұзылуына әкеледі [11]. Британдық әскери әйелдер мен ауыр жүктememен айналысатын спортшы әйелдерді салыстырғанда, екі топта да етеккір циклы бұзылуының таралуы бірдей болды. Ұйқының ұзақтығының қысқаруы, физикалық және психикалық стресстің жоғарылауы, әскери еңбек факторлары ерекшеліктері және тұрақты жауынгерлік әзірлік етеккір циклінің бұзылу қаупін тудырады. Бес сағаттан аз ұйқы, тамақтану бұзылыстары бар әйелдерде аменореяның даму қаупі жоғары. Ұлыбританияда әскери қызметтегі әйелдер арасында жүргізілген сауалнама бойынша соңғы 12 айда далалық әскери жаттығуларда 10 күннен астам уақыт өткізген әйелдерде аменореяның даму қаупі жоғары болды. Олардың 18% -ында олигоменорея, 25% -ында аменорея және 14% -ында етеккірдің кешігуі анықталды [12].

Жауынгерлік миссиялар кезінде физикалық жүктемелер және стресс факторлары эндокриндік жүйеге теріс әсер етеді, бұл етеккір циклінің бұзылуына әкеледі. Әйел курсанттарда ауыр физикалық жүктемелерден кейін етеккір циклі тұрақты емес болды. Сонымен қатар еңбек және демалыс режимінің бұзылуы, организмнің биоритмінің бұзылуы, түнгі ауысымдағы жұмыс сүт бездерінің патологиясы, жатыр миомасы және эндометриоз қаупін арттырады [6,13]. Сондай-ақ әскери әйелдер арасында сүт безі қатерлі ісігімен сырқаттанушылықтың өсу үрдісі байқалатыны анықталды. Біріншілік тексерулер кезінде алғаш анықталған ісіктердің арасында әскери әйелдерде сүт безі қатерлі ісігінің асқынған түрлерінің пайызы жоғары. Оның себептері диспансерлік бақылаудың жеткіліксіздігі, қызмет орнындарда (шалғай аймақтарда) сүт безі обырына скринингтің жүргізілмеуі, дәрігерлердің онкологиялық қырағылығының жеткіліксіздігі және әскери қызметкерлердің санитарлық мәдениетінің төмендігі [14,48].

Америка Құрама Штаттарында «әскери әйелдер денсаулығының e-Delphi зерттеуі» 11 әскери сарапшылардан құралған консультативтік топтың қатысуымен 2000-2015 жылдар аралығындағы жүйелі әдеби шолу жүргізілді. Зерттеуде бес маңызды тақырып анықталған - несеп-жыныс мүшелерінің аурулары, ұйқы, физикалық зорлық-зомбылық, психо – эмоционалдық жағдай және етеккір циклінің бұзылысы. Зерттеу нәтижелері, әскери және азаматтық денсаулық сақтау мамандарына сапалы медициналық көмек көрсету және барлық

әскери қызметкерлердің әл-ауқатын жақсарту үшін қатаң ғылыми зерттеулермен негізделген дәлелді ұсыныстар қажет екенін көрсетті. Әскери әйелдердің денсаулығына байланысты зерттеулердің, ғылыми жарияланымдар саны мен сапасының жеткіліксіздігімен сипатталады. Соның ішінде акушерия және гинекология, психикалық денсаулық салаларында зерттеулер жеткіліксіз екендігі анықталды, бұл зерттеулер санының аздығымен және осы салалардағы сапасы төмен жарияланымдардың үлесі жоғары екені дәлелденді [4].

Ғылыми дереккөздерде әскери әйелдерде аурулардың таралуына байланысты мәліметтер аз, себебі профилактикалық тексерулер көбінесе тек ірі елді мекендерде жүргізіледі. Шалғай гарнизондарда әскери әйелдердің денсаулық жағдайы жеткілікті зерттелмейді. Әскери әйелдерде жыныс мүшелері ауруларының құрылымын, оларды алдын алу шараларын зерттеуге арналған басылымдар өте аз. Ресейлік зерттеушілердің мәліметтері бойынша әскери қызметтегі әйелдер арасындағы гинекологиялық аурулар құрылымында бірінші орынды жыныс мүшелерінің қабыну аурулары алады - 50%, екінші – эндометрийдің гиперпластикалық аурулары және жатырдың қатерсіз ісіктері (15%), үшінші – етеккір циклінің бұзылуы және аналық бездердің қатерсіз ісіктері, кіші жамбас мүшелерінің пролапсы және басқа патологиялар – шамамен 10%, төртінші – жатыр мойнының фондық және ісік алды аурулары (8%) және бесінші орында - эндометриоз (7%) құрайды [6,10,15].

Ресейлік ғылыми әдебиеттердің мәліметтері бойынша 2010-2015 жылдар аралығындағы аурушаңдық деңгейі мен құрылымына қатысты жүйелі талдауда әскери әйелдерде бейбіт тұрғындарға қарағанда, әскери әйелдердің кіші жамбас мүшелерінің қабыну аурулары мен әртүрлі типтегі етеккір циклінің бұзылулары 2 есе жоғары екенін көрсетті. Сәйкесінше, әскери қызметкерлерде 64%, бақылау тобында 34% құрайды. Сондай-ақ бұл патологиялар штаттық лауазымдарды атқаратын әйелдерге қарағанда, жауынгерлік әскери-есептік мамандықтардағы әйелдерде айтарлықтай жоғары екендігі дәлелденді, яғни бұл аурушаңдықтың әскери қызмет жағдайларымен байланысын екенін көрсетеді. Әскери қызметті ұзақ атқарған (5 жылдан астам) әйелдерді 5 жылдан аз әскери қызмет өткерген әйелдермен салыстырғанда кіші жамбас мүшелерінің созылмалы қабыну ауруларының, етеккір циклінің бұзылуының, сүт безі ауруларының жиілігінің жоғарылағаны анықталды [16,17, 18]. Әрбір келесі жыл сайын әскери әйелдер арасында репродуктивті патология деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалады. 2010-2015 жылдар аралығында курсант қыздар арасында жүргізілген зерттеу мұны дәлелдейді. Бірінші және 3 курс курсанттары арасында жүргізілген сауалнама барысында, бірінші топта гинекологиялық патология анықталмады, екінші топта жамбас мүшелерінің қабыну аурулары, мысалы, созылмалы және жедел вульвовагинит, вульвовагинальды кандидоз анықталды. 5 жылдан кейін әскери қызметкерлердің аурушаңдық деңгейі, әсіресе жамбас мүшелерінің қабыну ауруларының деңгейі тағы 10%-ға өсті [19]. А.С.Костяноваңың зерттеуінде акушерлік-гинекологиялық көмекті көрсету мен ұйымдастырудағы проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын табу мақсатында әртүрлі жастағы әскери әйелдер арасында сауалнама жүргізілді. Бұл зерттеуде медициналық көмектің сапасыз және толық көлемде көрсетілмегені, медициналық көмекке жүгіну алгоритмін бұзу салдарынан аурушаңдық статистикасы бұзылғаны анықталды. Талдау көрсеткендей, әйелдер қызмет көрсету орны бойынша гинекологқа жылына 0 – 1 рет барады, ал жекеменшік емханалар көмегіне жылына 2 – 4 ретке дейін жүгінеді. Көбінесе 40 пен 45 жас аралығындағы әйелдер акушер-гинекологтың көмегіне жүгінеді, бұл барлық тексерулердің 42% құрайды, одан кейін 35 жасқа дейінгі әйелдер - 33%, 35-тен 40 жасқа дейінгі санаттағылар - 17% және 50 жастан асқан әйелдер - 8% құрайды. 40 жастан 45 жасқа дейінгі санаттағы әйелдердің гинекологқа жиірек қаралуы

климактериялық кезеңмен байланысты болуы мүмкін. Әскери қызметтегі әйелдер санының артуына байланысты медициналық көмек көрсетудің сапасы да артуы тиіс [20].

Жүктілік, босану және репродуктивті нәтижелер

Сондай-ақ, әскери әйелдер арасында өздігінен түсік түсіру, жүктілік пен босанудың патологиялық ағымдар, мерзімінен бұрын босану көрсеткіші жоғары екені анықталды (әсіресе соғыс уақытында орналастырудан кейін), қабыну аурулары және оның созылмалы түрі бедеуліктің, үйреншікті түсіктің, ана мен перинаталдық өлім себебі болып табылады [21,22].

2003 жылдан 2016 жылға дейін Ресей Федерациясының жеке құрамының денсаулық жағдайы туралы әртүрлі әскери округтердегі медициналық есептерді талдау кезінде әскери әйелдер мен ерлерді салыстырғанда, еңбек шығындарының саны және жүктілікке байланысты госпитализация деңгейі барлық аурушаңдық құрылымында екінші орында тұр. Диспансерлік бақылау қажеттілігі бойынша әйелдердің жамбас мүшелерінің қабыну аурулары бірінші орында болды. Әйелдер амбулаторлық медициналық көмекке ерлерге қарағанда 1,85 есе жиі жүгінеді (тиісінше жылына 12,6 және 6,8 жүгіну) [23].

Бейбіт және соғыс уақытында (терроризмге қарсы операциялар аймағында) қызмет еткен әйелдер арасында жүргізілген зерттеулер бар. Зерттеуге сәйкес, соғыс уақытында көбінесе келісім-шарт бойынша әскери қызметтегі әйелдер (қатардағы жауынгерлер, сержанттар) жиі медициналық көмекке жүгінеді, оның ішінде медицина қызметкерлер. Әйелдердің ауруханаға жату себептері: гинекологиялық аурулар, жүктілік және оның асқынуы. Аурушаңдық құрылымы бейбіт уақыттағы әскери әйелдердің аурушаңдығынан статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленді.

Бүгінгі таңда әскери гинекологияның бірінші кезектегі міндеті әйелдеріміздің репродуктивті денсаулығын сақтау болып табылады. Сондай-ақ әскери-медициналық қызметте отбасын жоспарлау, түсік, бедеуліктің, жүктілік пен босанудың, психо-сексуалдық жарақаттың алдын алу тақырыбы өзекті болып табылады. Репродуктивті жүйенің қабыну ауруларымен қатар жүктілік пен босанудың асқынуы бірінші орында. Әскери қызмет жағдайларының жүктілікке теріс әсер ететіндігі туралы деректер бар, бұл ана мен бала ауруларының немесе өлім қаупінің жоғары болуына әкеледі. Көптеген сарапшылар әскери әйелдердің жүктілігін жоғары қауіпті жүктілік деп санайды, өйткені әскери қызметтің ерекшеліктері ерте түсік тастауға, ұрықтың өсуінің кідіруіне және ұрықтың дамуының туа біткен ақауларына әкелуі мүмкін. АҚШ армиясының Парсы шығанағы соғысы кезінде әйелдер көбінесе гинекологиялық аурулар мен жүктілік кезінде мамандандырылған акушерлік және гинекологиялық көмекке мұқтаж болды [24,25,27].

Израильдің медициналық орталықтарында 2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін жүктілік кезіндегі әскери стресс әсерінен кейінгі босану туралы медициналық деректерге ретроспективті зерттеу жүргізілді. Бірінші немесе екінші триместрде күйзеліске ұшыраған әйелдерде, үшінші триместрде күйзеліске ұшыраған әйелдермен салыстырғанда мерзімінен бұрын босану (<37 апта) жоғары болды [26].

Жыныстық және репродуктивті денсаулық, инфекциялар және онкологиялық профилактика

2003 жылдан 2010 жылға дейін Ирак пен Ауғанстанда соғыс кезінде әйелдердің денсаулығы мен гигиенасын зерттеу жеті негізгі проблеманы анықтады. Оларға жабайы табиғат, дәретхана және шалғайда ыңғайлылықтың болмауы, жеке гигиена проблемалары (изоляция мүмкіндігінің болмауы, душ пен суға қатысты проблемалар), етеккір проблемалары, оны тоқтату әдістері, жұқпалы аурулар, жоспарланбаған жүктілік, жыныстық зорлық-зомбылық жатады. Иракта әскери қызметін өткерген әйелдер арасында жыныстық жолмен берілетін

инфекциялардың жиілігі АҚШ-тың жалпы тұрғындары арасында байқалған тенденцияға қарағанда жоғары болды [28,29,30]. 30 күн бойы жауынгерлік дайындықтан өткен әскери оқу орындарының курсанттарын зерттеу нәтижелері кіші жамбас мүшелерінің қабыну, дисбиотикалық аурулары, етеккір циклінің бұзылуы деңгейінің жоғарылағанын көрсетті. Етеккір циклінің бұзылуы одан әрі фертильдік пен репродуктивті денсаулыққа байланысты проблемаларға әкелуі мүмкін. Бедеулік мәселесі де көптеген әскери отбасылар үшін өзекті мәселе болып табылады. Әлемдік статистикаға сәйкес, әрбір бесінші ерлі-зайыптылар бедеуліктен зардап шегеді. Әскери отбасыларда бедеулік азаматтық тұрғындарға қарағанда орта есеппен 3-4% жоғары. Бедеуліктің ерлер факторы 60%, әйелдер факторы 40% құрайды [6]. Ресей Федерациясында Киров атындағы Әскери-медициналық академиясында көмекші репродуктивті технология бөлімінде бедеулігі бар әскери әйелдерге медициналық көмек көрсетіледі. Әскери-медициналық академиясында жүргізілген тексерулер барысында бедеулікке байланысты амбулаторлық тексерулердің әскери әйелдерде әскери қызметкерлердің жанұя мүшелерімен салыстырғанда мүмкіндігі төмен және толық еместігі анықталған. Бұл зерттеу әскери әйелдер арасындағы бедеулік мәселесі бойынша медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіруді талап ететінін көрсетті [31,38]. Әскери әйелдердің репродуктивті денсаулығы саласындағы шетелдік зерттеулердің деректеріне талдау жасай отырып, мәселелердің тек ішінара шешілгенін атап өтуге болады. Әскери әйелдердің жыныстық және репродуктивті денсаулығына әсер ететін қолайсыз факторларға отбасын жоспарлау мәселелері, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу, контрацепция және жыныстық тәрбие бойынша ақпарат алу бейресми көздер арқылы болуы жатады [32,33]. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар бүкіл әлемдегі барлық әскери қызметтердің түрлерінде және барлық қарулы күштердің денсаулық сақтау жүйесіндегі күрделі мәселе болып саналады. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін, мысалы, жамбас мүшелерінің қабыну аурулары, жатырдан тыс жүктілік және бедеулік. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар симптомсыз өтуімен қауіп тудырады, мысалы, АИТВ, хламидиоз инфекциялары. Соңғы жылдары әскери қызметшілер арасында ЖЖБИ-мен сырқаттанушылықтың өсуі байқалады, бұл әскери қызметте әйелдер санының артуына байланысты болуы мүмкін [34]. АҚШ Қорғаныс министрлігі мен ардагерлер істері жөніндегі департамент елде репродуктивті жастағы әскери әйелдер санының тез өсуіне байланысты денсаулық сақтау жүйесінде репродуктивті қызметтерді дамытуға және біріктіруге баса назар аударуда. Америка Құрама Штаттарында әскери ардагер әйелдер әскери сексуалдық жарақаттардың көп таралуын баяндаған, бұл репродуктивті жүйенің бұзылуларына, жоспарланбаған жүктілікке, жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға әкелуі мүмкін [35].

Соңғы жылдары әскери әйелдер арасында қатерлі ісік ауруы көбейіп келеді. Әскери әйелдер арасындағы онкологиялық аурулар құрылымында сүт безінің қатерлі ісігі бірінші орында, жатыр мойны қатерлі ісігі екінші орында тұр [36]. 2018 жылы жатыр мойны қатерлі ісігі аурушаңдығы 2008 жылмен салыстырғанда екі есе өсті. Бұл аурудың негізгі себебі адам папилломавирусы (ВПЧ) тудыратын жыныстық жолмен берілетін инфекциялар болып табылады. Қазіргі уақытта әлемде АПВ үшін этиотропты емдеу жоқ, вакцинация жатыр мойны қатерлі ісігін біріншілік алдын алудың тиімді әдісі болып табылады. Қазақстан Республикасында 2008 жылдан бастап Ұлттық бағдарлама шеңберінде жатыр мойны обырына популяциялық цитологиялық скрининг қолданылуда. Алиева А.А. және бірлескен авторлар зерттеулерінде әскери қызметшілерді жыл сайынғы тереңдетілген медициналық тексеру кезінде цитологиялық скринингпен қатар жатыр мойны обырының проблемасы және оның алдын алу,

диагностикалау және емдеудің заманауи әдістері туралы медициналық білім беруді ұйымдастыруды ұсынады [37]. Әскери қызметтегі әйелдердің санын ұлғаюы әскери әйелдерге ең алдымен гинекологиялық ауруларға медициналық көмек көрсету қағидаттарын жетілдіруді және қайта ұйымдастыруды талап етеді. Әскери қызметкерлер әскери-медициналық бөлімдер мен мекемелерде тегін медициналық көмек алуға құқылы. Әскери қызметшілердің қызмет ету мекенінде немесе тұрғылықты жері бойынша әскери-медициналық мекемелер болмаса немесе оларда тиісті жабдықтар немесе арнайы бөлімшелер болмаса, сондай-ақ шұғыл жағдайларда азаматтық денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық көмек еш кедергісіз және тегін көрсетіледі, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан. Әскери қызметтегі әйелдер әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген барлық жеңілдіктерді пайдаланады [39].

Әскери-медициналық көмекті ұйымдастыру

Әскери госпиталь - әскери қызметкерлерді, сондай-ақ офицерлерді, генералдарды және адмиралдарды, еңбек өтіліне байланысты қызметтен кеткен зейнеткерлерді, отбасы мүшелерін, жұмысшылар мен қызметкерлерді мамандырылған емдеуге арналған әскери-медициналық мекеме. Сондай-ақ, әскери госпитальда әскери-дәрігерлік сараптамалар, ғылыми зерттеулер, әскери медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізіледі. Госпитальдар орталық, аудандық және гарнизондық болып бөлінеді. Барлық орталық әскери госпитальдарда мамандандырылған медициналық көмек пен емдеудің барлық түрлері, білікті кадрлармен және тиісті мамандандырылған бөлімшелермен қамтамасыз етілген [40]. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері медициналық қызметінің негізгі жұмысы жауынгерлік даярлық қызметі мен әскери өмір жағдайларының жеке құрамның денсаулығына әсерін кешенді зерттеу, тиімді емдеу-профилактикалық (медициналық эвакуациялау), санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы және басқа да арнайы іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады[8].

Акушерлік-гинекологиялық көмек амбулаториялық (емханалық) және стационарлық болып бөлінеді. Акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру және көрсету медициналық қызметтің құзырында. Жабық және шалғай гарнизондарда әйелдерге, әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне және қарулы күштердің азаматтық персоналына көмек көрсету медициналық қызметке жүктелуі мүмкін. Амбулаториялық акушерлік-гинекологиялық көмек әскери емханалардың гинекологиялық кабинеттерінде және әскери госпитальдардың амбулаториялық бөлімшелерінде көрсетіледі [15]. Ресей Федерациясы Қарулы Күштеріндегі зерттеулерде әскери қызметкерлер тегін медициналық көмек алуға қанағаттанушылықтың төмен дәрежесін көрсетеді (31,71% толық қанағаттанған және 32,92% ішінара қанағаттанған). Сондай-ақ, респонденттердің 20,73%-ы санаториялық-курорттық емделу мен демалысқа толықтай көңілі толмайды. Әскери қызметкерлердің жартысынан көбі медициналық қызмет пен қамтамасыз етудің толықтығына, қолжетімділігіне және сапасына көңілі толмайды. Сонымен қатар, респонденттердің төрттен бірі заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жеткіліксіз қамтамасыз етілгенін және әскери-медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасының нашарлауын атап өтті. Әскери қызметкерлердің үштен бірі қажетті дәрі-дәрмектің жетіспеушілігімен жиі кездесетінін белгіледі. Ресурстардың шектеулілігін ескере отырып, әскери қызметкерлердің барлық қажеттіліктерін бір уақытта 100% қанағаттандыру іс жүзінде мүмкін емес. Бірақ негізгі талаптарды орындау әскери қызметтің жұмыс істеуіне оң әсер етеді. Әскери округте жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жылына

кемінде бір рет әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің арасында олардың өмір сүру жағдайына қанағаттанушылықты анықтау мақсатында сауалнама жүргізу ұсынылады [41]. РФ Қарулы Күштерінде 2008 жылдан 2013 жылға дейін әртүрлі әскери округтерде орналасқан әскери бөлімдерді зерттеуде біріншілік аурушаңдық пен өлім-жітім деңгейінің 2 есе артқаны анықталды. Бұл көрсеткіш әскери қызметтегі әйел санының өсуімен, диспансерлік тексерудің жеткіліксіз қамтылуы мен тиімсіздігі, шалғайдағы гарнизондарда мамандандырылған гинекологиялық көмектің қолжетімсіздігімен байланысты. Осыған байланысты әскери әйелдерді медициналық көмекпен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық қызметтің жұмысын жоспарлау кезінде олардың денсаулығының медициналық-статистикалық көрсеткіштерін ескеру қажет. Ең бастысы, әскери-медициналық мекемелерді аурулар профилі бойынша медициналық мамандармен қамтамасыз ету қажет, оларға онкологтар, эндокринологтар, гинекологтар, урологтар жатады[18, 42]. Әскери әйелдер арасындағы гинекологиялық аурушаңдық деңгейі мен құрылымы олардың әскери бөлімдерінің аумақтық орналасуына байланысты. Гинекологиялық аурушаңдықтың ең жоғары жиілігі шалғайдағы гарнизондарда, ең азы республиканың орталық қалаларында орналасқан гарнизондарда кездеседі. Зерттеуге сәйкес, қалаларда орналасқан гарнизондарда қатерсіз және қатерлі ісік аурулары бірінші орында, шалғайдағы гарнизондарда жыныс мүшелерінің қабыну аурулары бірінші орында [43]. Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетудің алдын алу шараларының кешенін жетілдіру мақсатында Ресейлік зерттеушілер шалғайдағы гарнизондарда тиімді алғашқы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін жылжымалы гинекологиялық кешенді жобасы құрылды. Жеке гигиеналық жинақ жасақталды, оның құрамына интимдік және жеке гигиена құралдары, өзін-өзі диагностикалау құралдары мен қынаптың қабыну және дисбиотикалық ауруларын емдеуге арналған дәрі-дәрмектер, санитарлық-гигиеналық оқытуға, контрацепция әдістеріне және гинекологиялық аурулардың алдын алуға арналған ақпараттық материалдар кіреді. Жинақтың құрамын қажетінше өзгертуге және толықтыруға болады [18]. Әскери қызметтің ерекшеліктерін, әскери қызметтегі әйелдердің кәсіби қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, оларға ведомстволық медициналық ұйымдарда амбулаториялық-емханалық көмек алған кезде кәсіби психологиялық қолдау көрсету мақсатында психотерапевттің қабылдауын ұйымдастырған жөн. Акушер-гинекологтардың және басқа да қызметкерлердің психологиялық дағдылары мен білімін арттыру және жетілдіру, гинекологиялық аурулары бар әйелдерге алғашқы медициналық көмек көрсетуде медициналық психология, профилактика және медициналық оңалту мәселелерін жетілдіру қажет [44].

